




|   |   |              |  |  |  |
|---|---|--------------|--|--|--|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   |   | 1/21         |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.                                      |              |  |  |  |
|   | 1   |              |  |  |  |
|   |   |              |  |  |  |

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
 Директорлар кеңесінің  
 2024 жылғы «20» 09  
 № 15  
 шешіммен бекітілген

**«ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АҚ  
 ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА БИЛІК ЕТУДІ ЖӘНЕ ОНЫ  
 ПАЙДАЛАНУДЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

| Мәртебесі | Әзірледі  | Тексерілді  |
|-----------|---|---|
| Лауазымы  | Бас менеджер  | Бас менеджер  |
| Бөлімше   | БЕТ   | СӨТ   |
| Т. А. Ә.  | Тасбулатова А.А.  | Ахметбекова Г.Б.  |
| Қолы      |  |  |
| Күні      | 28.08.2024ж.  | 29.08.2024ж.  |

Осы құжаттың тіркерілмей басып шығарылған нұсқасы жарамсыз.  
 Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.  
 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ



"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

бет/ішіндегі

2/21

КС

№ ред.

ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да  
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау  
қағидалары


1

**КЕЛІСУ ПАРАҒЫ (ЭҚЖ режимінен салым)**

Келісілді 28.08.2024 15:52 Жандарбеков Әділбек Ибрайұлы


Келісілді 28.08.2024 16:01 Дүйсекенова Дамира Нұрланқызы

Келісілді 29.08.2024 10:29 Тузелбаева Ася Серікқызы

|   |   |              |  |  |  |
|---|---|--------------|--|--|--|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   |   | 3/21         |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік студі және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.                                      |              |  |  |  |
|   | 1   |              |  |  |  |
|   |   |              |  |  |  |

## МАЗМҰНЫ

|      |   |    |
|------|---|----|
| 1    | <b>ҚОЛДАНУ САЛАСЫ</b>   | 4  |
| 2    | <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>   | 4  |
| 3    | <b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР</b>   | 4  |
| 4    | <b>ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>   | 5  |
| 5    | <b>ПРОЦЕСТІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ</b>   | 6  |
| 5.1  | Инсайдерлік ақпарат тізімі  | 6  |
| 5.2  | Инсайдерлік тізімдер  | 6  |
| 5.3  | Инсайдерлердің тізімдерін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібі   | 7  |
| 5.4. | Тұлғаларды инсайдерлер тізіміне/тізімінен қосу/алып тастау туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері                       | 8  |
| 5.5  | Қоғамның инсайдерлер тізімін уәкілетті органға ұсыну тәртібі  | 9  |
| 5.6  | Инсайдерлік ақпараттың өкімдері мен пайдаланылуын бақылау   | 9  |
| 5.7  | Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері  | 11 |
| 5.8  | Қоғамның өздеріне қатысты инсайдер деп танылған тұлғалармен, Қоғамның өзара іс-қимыл жасау тәртібі                          | 12 |
| 6    | <b>ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>  | 14 |
| 7    | <b>ТАРАТУ</b>   | 14 |
|      | ФК-ПК қосымшасы-0-123-1 «Қоғамның инсайдерлік ақпаратының тізбесі»  | 15 |
|      | ФК-ПК қосымшасы-0-123-2 «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инсайдерлер тізімі   | 17 |
|      | ФК-ПК қосымшасы-0-123-3 «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инсайдерлер тізіміне енгізу туралы жеке тұлғаны хабардар ету»  | 18 |
|      | ФК-ПК қосымшасы-0-123-4 «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инсайдерлер тізіміне енгізу туралы заңды тұлғаны хабардар ету» | 19 |
|      | ФК-ДК қосымшасы-0-123-5 «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама»                 | 20 |
|      | <b>ТАНЫСУ ПАРАҒЫ</b>  | 21 |

|   |   |              |  |  |  |
|---|---|--------------|--|--|--|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   |   | 4/21         |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.                                      |              |  |  |  |
|   | 1   |              |  |  |  |

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

- 1.1 Осы ҚС ПК-0-123 «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қоғамда инсайдерлік ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін белгілейді.
- 1.2 Қағидалар осы Қағидалардың 2-бөлімінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.
- 1.3 Қағидалар Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар өзге де тұлғаларға қолданылады және орындауға міндетті болып табылады.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 2.1 Қағидада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

|                |  |
|----------------|--|
|                | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы   |
|                | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы   |
|                | «Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 124 қаулысы |
| ISO 9001       | Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар  |
| ҚР СТ ИСО 9000 | Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелері мен сөздік  |
| ҚР СТ 1.1      | Стандарттау және анықтамалар   |
| ҚР СТ 1.2      | Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі   |
| ҚР СТ 1.5      | Стандарттарды құруға, ұсынуға, ресімдеуге және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар  |
|                | «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Жарғысы   |
| ПК-0-115       | "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ іс жүргізу қағидасы   |
| ДП-0-101       | Қоғам стандарттарын басқару тәртібі  |
| ПК-0-104       | «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмыскерлеріне қызметтік тергеу жүргізу және тәртіптік жаза қолдану қағидалары  |

## 3 АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

- 3.1 Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

|                     |   |
|---------------------|---|
| БУХ                 | Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті   |
| Инсайдер            | Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға  |
| Инсайдерлік ақпарат | Бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) Қоғам туралы, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын анық ақпарат, сондай-ақ жариялануы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін үшінші |

|                            |  |
|----------------------------|--|
|                            | тұлғаларға белгісіз өзге де ақпарат  |
| ҚАД                        | Ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаменті  |
| ҚҚД                        | Құқықтық қамтамасыз ету департаменті   |
| Лауазымды тұлға            | Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның төрағасы және басқарма мүшелері  |
| БЕТ                        | Бөлек есеп жүргізу және тариф белгілеу департаменті  |
| СӨТ                        | Стратегия және әдіснамалық талдау департаменті   |
| ҚЕД                        | Қаржылық есептілік депозитарийі  |
| Жалпыға қолжетімді ақпарат | Оған қол жеткізу үшін шектеу талап етілмейтін және шектеусіз немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жария етуге жататын ақпарат   |
| Қоғам                      | «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы   |
| Жауапты ҚБ                 | Өзінің қызметтік ережелері мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері  |
| ҚББ                        | Құрылымдық бөлімшелердің басшылары   |
| ҚС                         | Қоғам стандарты - ұйым өз мақсаттарын іске асыру үшін өз бетінше қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат ( <i>ҚБ қызметі туралы ережелер, Саясаттар, Кодекстер, Қағидалар, Регламенттер, Нұсқаулықтар, Әдістемелер және т. б.</i> ) |
| ДК                         | Директорлар кеңесі   |
| БАҚ                        | Бұқаралық ақпарат құралдары  |
| КОМП                       | Комплаенс қызметі  |
| Инсайдерлер тізімі         | Қағидаға сәйкес жасалатын және жаңартылатын Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімі  |
| ҚБ                         | Қоғамның құрылымдық бөлімшесі  |
| ЭҚЖ                        | Электронды құжат айналымы жүйесі   |
| Уәкілетті орган            | Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган  |
| Эмитент                    | Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын тұлға  |
| dfo.kz                     | ҚЕД Интернет-ресурсы   |
| HR                         | HR департаменті  |

#### 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1 Осы Қағидалардың мақсаты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына билік етуге және оны пайдалануға тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ инсайдерлік ақпараттың рұқсатсыз ашылуын және заңсыз пайдаланылуын болдырмау болып табылады.
- 4.2 Қағидалар инсайдерлік ақпараттың тізбесін айқындайды, инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды бақылау тәртібін, оны ашу тәртібі мен шарттарын, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдардың тізімін жүргізуді белгілейді, Қоғамның инсайдерлері үшін белгіленген шектеулерді, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты ашқаны (жария еткені) үшін жауапкершілікті айқындайды.
- 4.3 Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.
- 4.4 Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы

Осы құжаттың тіркерілмей басып шығарылған нұсқасы жарамсыз.

Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын сақтауын бақылауды КОМП жүзеге асырады.

## **5 ПРОЦЕСТІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ**


### **5.1 Инсайдерлік ақпарат тізімі**

- 5.1.1 Қоғамның мүліктік және қаржылық жағдайына әсер етуімен, Қоғам эмитент ретіндегі шығарған бағалы қағаздарының құнына ықпал ете алатын, Қоғамның қызметіне қатысты жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпарат. Ол пайда болған кезден бастап және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес оны ресми ашқан (жариялаған) кезге дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады.
- 5.1.2 Инсайдерлік ақпараттың тізбесі осы Қағидалардың ФК-ПК-0-123-1 қосымшасында көрсетілген.
- 5.1.3 Инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайды. Инсайдерлік ақпарат заңмен қорғалатын басқа құпияны да құрауы мүмкін.
- 5.1.4 Қоғам мен инсайдерлер инсайдерлік ақпараттың ресми ашылуына (жариялануына) дейін оның құпиялылығын қамтамасыз етеді.
- 5.1.5 Егер Қоғам инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың талап етілетін құпиялылық дәрежесін сақтау мүмкін емес немесе осы ақпараттың құпиялылығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, Қоғам оны ашу жөнінде Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде дереу шаралар қабылдайды.
- 5.1.6 Инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету Қағидалармен, сондай-ақ құпия ақпаратты пайдалануды реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

### **5.2 Инсайдерлік тізімдер**

5.2.1 Қоғамның инсайдерлері мынадай тұлғалар болып табылады:

- 1) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері;  
Қоғамның инсайдерлеріне жатқызылған тұлғалар, олар Қоғаммен жасасқан еңбек шартының/қызметтер көрсетуге арналған шартының қолданылу мерзімі ішінде осындай болып табылады;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген Қоғамның жұмыскерлері және олардың тиісті комитетке/жобаға/жұмыс тобына/қоғамның тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс істейтін органына қатысуына/мүшелігіне байланысты, олардың тиісті комитетке/жобаға/жұмыс тобына қатысуы/мүшелігі аяқталғанға дейін және Қоғамның олар қол жеткізген инсайдерлік ақпараты ашылғанға (жарияланғанға) дейін инсайдерлік ақпаратқа уақытша қолжетімділігі бар өзге де тұлғалар;
- 3) Қоғамның жалғыз акционері;
- 4) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген, жасалған шарттарға (оның ішінде ауызша) сәйкес Қоғамға қызмет көрсететін, басқа да тұлғалар;
- 5) тізімінде Қоғам шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 6) директорлар кеңесінің және сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының листингтік комиссиясының мүшелері;
- 7) уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның

|   |   |  |  |              |
|---|---|--|--|--------------|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> |  |  | бет/ішіндегі |
|   |   |  |  | 7/21         |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> |   |  |  | № ред.       |
|   |   |  |  | 1            |

ведомствосының, оларға берілген функциялар мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын жұмыскерлер, мемлекеттік қызметшілер;

8) Қоғам мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, оларға берілген өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;

9) Қағидалардың осы тармағының 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың жұмыскерлері;

10) Қағидалардың осы тармағының 1)-9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

### 5.3 Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібі

5.3.1 Қоғамның инсайдерлік ақпаратына билік етуін және оны пайдалануын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында КОМП осы Қағидалардың ФК-ПК-0-123-2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша, 5.2.1-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер тізімін жүргізеді және өзекті күйде ұстайды.

5.3.2 Қоғам инсайдерлерінің тізімі жеке тұлғалар бойынша және заңды тұлғалар және олардың жұмыскерлері/лауазымды тұлғалары бойынша бөлек жасалады.

5.3.3 КОМП инсайдерлерінің тізімін жасау және өзекті күйде ұстау мынадай ҚБ ұсынған ақпарат негізінде жүзеге асырылады:

1) HR-осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 1) тармақшасы бойынша;

2) ҚҚД – осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 3) тармақшасы бойынша;

3) жауапты ҚБ - осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшалары бойынша. Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат инсайдерлер тізіміндегі ақпаратты қосу, өзгерту немесе алып тастау үшін негіз пайда болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде КОМП-ға ЭҚЖ арқылы ұсынылады.

5.3.4 HR КОМП-ға келесі ақпаратты жібереді:

1)Тегі, Аты және әкесінің аты (әкесінің аты - бар болса);

2) ЖСН;

3) туған күні;

4) лауазымы;

5) ҚБ атауы;

6) бұйрықтың нөмірі, қабылдау/тағайындау/ауыстыру/жұмыстан шығару туралы бұйрықтың күні;

7) тіркелу мекенжайы және (немесе) нақты тұру мекенжайы;

8) электрондық пошта мекенжайы;

9) байланыс телефоны.

5.3.5 Осы Қағидалардың 5.3.3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген ҚБ КОМП-ға ЭҚЖ арқылы инсайдерлер бойынша мынадай ақпаратты жібереді:


1)Тегі, Аты және әкесінің аты (әкесінің аты - бар болса);

2) ЖСН;

3) туған күні;


4) лауазымы;

5) тіркелу мекенжайы және (немесе) нақты тұру мекенжайы;

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>   | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 8/21         |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

- 8) электрондық пошта мекенжайы;
  - 9) байланыс телефоны.
  - 10) заңды тұлғаның атауы;
  - 11) заңды тұлғаның орналасқан жері;
  - 12) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
  - 13) оған сәйкес тұлға инсайдер ретінде айқындалатын, инсайдерлер тізіміне тұлғаны енгізу негіздемесі;
  - 14) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеменің пайда болған күні;
  - 15) алып тастау күні.
- 5.3.6 КОМП Қағиданың 5.3.3-тармағында көрсетілген ақпаратты ҚБ-дан алғаннан кейін, осындай ақпаратты алған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, мәліметтерді инсайдерлер тізіміне енгізеді.
- 5.3.7 Инсайдерлер тізімі келесі жағдайларда міндетті түрде КОМП жаңартуға жатады:
- 1) тұлға инсайдерлер тізіміне енгізілген негіз өзгерген жағдайда;
  - 2) инсайдерлер тізіміне енгізілмеген адам инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген жағдайда;
  - 3) инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлға инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігін жоғалтқан жағдайда.
- 5.3.8 Еңбек шартын бұзуға байланысты инсайдерлер тізімінен шығаруға жататын, осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар, еңбек шарты бұзылғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде өздері білетін инсайдерлік ақпаратқа қатысты құпиялылықты және осы Қағидалардың талаптарын сақтауға міндетті.
- 5.3.9 Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады және Қоғамның коммерциялық құпиясына жатады.
- 5.3.10 Қоғамның инсайдерлер тізіміне қол жеткізу, құпия ақпаратты құрайтын мәліметтер туралы ережені және оны Қоғамда қорғауды ұйымдастыру жөніндегі негізгі шараларды реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.3.11 Қоғам инсайдерлер тізімін құрылған/соңғы жаңартылған сәттен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтауға міндетті.
- 5.3.12 Инсайдерлер тізіміне, сондай-ақ инсайдерлер тізіміне енгізілетін өзгерістерге КОМП басшысы тоқсан сайын Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қол қояды және КОМП-да сақталады.
- 5.4 Тұлғаларды инсайдерлер тізіміне/тізімінен енгізу/алып тастау туралы хабарлаудың тәртібі мен мерзімдері**
- 5.4.1 КОМП осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 1)-5), 8) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды, инсайдерлер тізіміне/тізімінен енгізген/алып тастаған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, инсайдерлер тізіміне/тізімінен енгізу/алып тастау туралы, инсайдерлік ақпаратқа ие болудың құқықтық салдары туралы және инсайдерлік ақпаратты пайдалану және оған билік ету жөніндегі қолданыстағы заңнаманың және осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы жазбаша хабардар етеді.
- 5.4.2 Қағидалардың ФК-ПК-0-123-3 және ФК-ПК-0-123-4 Қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған, тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама тікелей



|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>                                 | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 9/21         |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да<br/> инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау<br/> қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаға, табыс етілгені туралы белгі қойылып, тапсырылады немесе хабарламаның бағытын тіркеуді қамтамасыз ететін, электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, көрсетілген тұлғаға жіберіледі немесе осы хабарламаны алу фактісін растай отырып, соңғы белгілі тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша қағаз жеткізгіште тапсырылады.

5.4.3 Тұлғаларды инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама Қағидалардың ФК-ПК-0-123-5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және тікелей инсайдерлер тізімінен шығарылған тұлғаға тапсырылады немесе хабарламаның бағытын тіркеуді қамтамасыз ететін, электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, көрсетілген тұлғаға жіберіледі немесе осы хабарламаны алу фактісін растай отырып, соңғы белгілі тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша қағаз жеткізгіште тапсырылады.

5.4.4 Хабарламалардың түпнұсқалары КОМП-да сақталады.

## 5.5 Қоғамның инсайдерлер тізімін уәкілетті органға ұсыну тәртібі

5.5.1 Қоғамның инсайдерлерінің тізімі КОМП уәкілетті органға оның жазбаша талабы бойынша, осы талапта көрсетілген мерзімдерде ұсынылады.

5.5.2 Уәкілетті органға ұсынылатын Қоғам инсайдерлерінің тізімінде, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар адамдар туралы ақпарат болу қажет, оның ішінде:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) инсайдерлер тізіміне енгізудің негізі;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеменің пайда болған күні;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығарылған күні.

## 5.6 Инсайдерлік ақпараттың өкімдері мен пайдаланылуын бақылау

5.6.1 «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инсайдерлердің төмендегіге құқығы жоқ:

- 1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар беруге.


5.6.2 Қағидалардың 8-тармағының 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар міндетті:

- 1) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты, осы заңды тұлғалар өздеріне қатысты инсайдерлер деп танылған Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімін жүргізуге;
- 2) өз жұмыскерлерін инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары және осы Қағидалар туралы хабардар етуге;

Осы құжаттың тіркелмей басып шығарылған нұсқасы жарамсыз.

Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>   | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 10/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |


3) Қоғамға өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз жұмыскерлерінің тізімін, Қоғамның сұрау салуын алған не оған өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге.

- 5.6.3 Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ҚББ, өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін осы ақпарат талап етілмейтін ҚБ жұмыскерлері тарапынан мұндай ақпаратқа қол жеткізуге тыйым салу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.
- 5.6.4 Функционалдық міндеттері инсайдерлік ақпаратты пайдалануға байланысты Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері, құпия ақпаратқа қолданылатын режимнің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 5.6.5 Инсайдерлік ақпараттың рұқсатсыз ашылу қатерін немесе фактісін не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасығыштарды) жоғалту фактісін анықтаған кезде Қоғамның инсайдері бұл туралы Қоғамды дереу жазбаша хабардар етуге міндетті, ал егер Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері инсайдер болып табылса, онда ол өзінің тікелей басшысын хабардар етуге міндетті, ол өз кезегінде Қоғамның КОМП-ын дереу хабардар етеді.
- 5.6.6 Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғалар инсайдерлік ақпаратты қорғауды және таратпауды қамтамасыз етеді, инсайдерлік ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттерді нақты орындайды және олардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапты болады.
- 5.6.7 Инсайдерлік ақпарат пайдаланылуы мүмкін кездесулерге қатысуға, сондай-ақ БАҚ-та ресми сұхбат беруге Қоғамның Басқарма төрағасы және/немесе Басқарма мүшелері не Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығымен осындай әрекеттерге арнайы уәкілеттік берілген тұлғалар ғана қатыса алады.
- 5.6.8 Осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастар орнату (мәмілелер, шарттар жасасу) кезінде, белгіленетін құқықтық қатынастар шеңберінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу көзделетін жағдайда жауапты ҚБ, аталған тұлғалармен жасалатын шартта мынадай бақылау шараларын қамтамасыз етеді:
- 1) аталған тұлғалардың қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын жұмыскерлердің өз тізімін жүргізуі туралы міндеттемелері, өздерінің инсайдерлер тізіміне енгізген жұмыскерлерді тізімге енгізу/алып тастау туралы, инсайдерлік ақпаратты жария еткені және/немесе заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар ету, сондай-ақ олардың көшірмесін осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Қоғамға ұсыну;
- 2) инсайдерлердің «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген инсайдерлік міндеттерді орындамағаны үшін жауаптылығы, оның ішінде тұрақсыздық айыбы және(немесе) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді беруді тоқтату және (немесе) азаматтық-құқықтық қатынастарды бұзу түріндегі жауаптылығы.
- Осы Қағидалардың 5.2.1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен көрсетілген бақылау шараларын қоспай шарт жасасуға, КОМП басшысымен келісілген, жауапты ҚБ дәлелді қызметтік жазбасы болған кезде жол беріледі.
- 5.6.9 Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Қоғамда инсайдерлік ақпаратты ашу фактілері анықталған кезде, осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні

Осы құжаттың тіркерілмей басып шығарылған нұскасы жарамсыз.

Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>   | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 11/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

ішінде бұл туралы ақпаратты КОМП-ға ЭҚЖ бойынша қызметтік жазба арқылы жібереді. Ақпаратта тиісті күдік туындаған негіздемелер болуы керек.

5.6.10 КОМП инсайдерлердің Қағидалар талаптарын бұзу ықтималдығы туралы, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты пайдалануға байланысты іс-әрекеттер туралы, ҚБ-дан, Қоғамның лауазымды тұлғаларынан немесе жұмыскерлерінен (оның ішінде анонимді арна арқылы) ақпарат алған кезде кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттың ағып кету көзін анықтау мақсатында, ПК- 0-104 белгіленген тәртіппен, қызметтік тергеу жүргізуге бастамашылық жасау туралы шешім қабылдай алады.

5.6.11 Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша бұзушылық фактісі расталған жағдайда КОМП Басқарма төрағасының алдына Қағидалардың талаптарын бұзуға жол берген инсайдерге қатысты мынадай шараларды қабылдау туралы өтінішхат бере алады, бірақ онымен шектелмейді:


- 1) инсайдерге Қағидаларды бұдан былай бұзуға жол бермеу туралы талап жіберуге;
- 2) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәміле ретінде тану мақсатында Қоғамның бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) жасалған мәміле туралы ақпаратты уәкілетті органға жіберуге;
- 3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда, тәртіптік жаза шараларын қолдануға бастамашылық жасауға құқылы;
- 4) инсайдерлердің іс-әрекеттері нәтижесінде Қоғамға келтірілген материалдық зиянды/залалды өтеу, оның ішінде іскерлік беделге зиян келтіру туралы инсайдерге талап қоюға бастамашылық жасауға;
- 5) іс материалдарын қылмыстық іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына жіберуге бастамашылық жасауға (қылмыс белгілері болған кезде);
- б) өзге де шаралар қолдануға құқылы.

## 5.7 Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері

5.7.1 Инсайдерлік ақпаратты ашуды Қоғам, оны Қоғамның интернет-ресурсында, қор биржасының және ҚЕД интернет-ресурстарында (Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда) орналастыру арқылы жүзеге асырады.

5.7.2 Осы Қағидалар электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қоғамның, ҚЕД және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының (Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізімінде қосылған және орналастырылған жағдайда) интернет-ресурстарында орналастырылады, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың сұрауы бойынша төлем алынбай ұсынады, осы Қағидалардың көшірмелерін ұсынғаны үшін оларды дайындауға арналған шығыстар мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлемақыны қоспағанда.

5.7.3 Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген кезде Қоғам мен инсайдерлер, Қоғам туралы және шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) туралы, оның ашылуы олардың құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер ететін, инсайдерлік ақпаратты осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>   | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 12/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

басталғанға дейін, қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен және шарттарда ашуды қамтамасыз етеді.

- 5.7.4 Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) айналысқа түскен кезде, тұлғалардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жіберіледі, содан кейін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және мерзімдерде орналастырылады (таратылады).
- 5.7.5 Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде бір мезгілде айналысқа түскен кезде, тұлғалардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін хабарламалар тізімдеріне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі, содан кейін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және мерзімдер орналастырылады (таратылады).
- 5.7.6 Осы Қағидалардың 5.1.2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат, Қазақстан Республикасының заңнамасында, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде ҚЕД және қор биржасының интернет-ресурсында орналастырады.
- 5.7.7 Жария ету мерзімдері заңнамада және (немесе) қор биржасының қағидаларында айқындалмаған өзге де инсайдерлік ақпаратты, Қоғам қысқа мерзімде, бірақ 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ашуға тиіс, егер мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе ақпараттың таралуы Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне немесе оның қызметіне әсер етсе немесе егер инсайдерлік ақпаратқа қатысты қажетті құпиялылық дәрежесін сақтау мүмкін болмаса немесе осы ақпараттың құпиялылығын бұзуға жол берілуі мүмкін.
- 5.7.8 Мұндай инсайдерлік ақпараттың мазмұнын тиісті бұйрық негізінде Басқарма төрағасы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді.
- 5.7.9 Қағидалардың 5.6.6-тармағында көрсетілген ақпаратты қоспағанда, қор биржасының және ҚЕД интернет-ресурстарында инсайдерлік ақпаратты ашуды, ҚР заңнамасында, қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, жауапты ҚБ ұсынған деректер негізінде КОМПІ жүзеге асырады.
- 5.7.10 Қаржы есептілігіне, аудиторлық есептерге, сондай-ақ Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер бойынша инсайдерлік ақпаратты қор биржасының және ҚЕД интернет-ресурстарында ашуды БУХ қамтамасыз етеді.
- 5.7.11 Инсайдерлік ақпаратты Қағидалардың 5.7.1-тармағында көрсетілген бірнеше дереккөздерде орналастыру (жариялау) арқылы ашу кезінде, инсайдерлік ақпаратты ашу күні Қағидалардың 5.7.1-тармағында көрсетілген дереккөздердің бірінде инсайдерлік ақпаратты алғаш орналастыру (жариялау) күні болып есептеледі.


## **5.8 Қоғам өздеріне қатысты инсайдер деп танылған тұлғалармен Қоғамның өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

- 5.8.1 Егер тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алып, «Бағалы қағаздар нарығы туралы»

Осы құжаттың тіркерілмей басып шығарылған нұсқасы жарамсыз.

Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.


"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

|   |                                      |  |              |  |
|---|--------------------------------------|--|--------------|--|
|    | "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ |  | бет/ішіндегі |  |
|   |                                      |  | 13/21        |  |
| КС<br>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да<br>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау<br>қағидалары |                                      |  | № ред.       |  |
|   |                                      |  | 1            |  |

Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабының 3-тармағында көзделген негіздер болған кезде, Қоғам тұлғаға қатысты инсайдер деп танылады.

Қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты, Қоғам өздеріне қатысты инсайдер деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Қоғам жұмыскерлері де аталған тұлғалардың инсайдерлері болып табылады.

- 5.8.2 Қоғам өздеріне қатысты инсайдер деп танылған тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамға және оның жұмыскерлеріне қолжетімділік берілген инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды бақылауды дербес қамтамасыз етеді.
- 5.8.3 Егер Қоғам оған қатысты инсайдер деп танылған тұлғаның инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлама алмаса, Қоғам инсайдерлік ақпаратты жария еткені үшін жауапты болмайды.
- 5.8.4 КОМП жауапты ҚБ-мен келісім бойынша, өздеріне қатысты Қоғам инсайдер деп танылған тұлғаларға, осындай тұлғалардың инсайдерлік ақпаратын иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіптерімен және мерзімдерінде Қоғамның атына жіберілген жазбаша сұрау салу негізінде инсайдерлер тізімін ұсынады.
- 5.8.5 Инсайдер болып табылатын Қоғамға және оның жұмыскерлеріне, Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың, Қоғам инсайдер деп танылған тұлғаларға қатысты инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану тәртібі туралы талаптары қолданылады.
- 5.8.6 КОМП, Қоғамды инсайдер деп тану туралы және оны тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлама алған кезде, міндетті:
- 1) жауапты ҚБ ақпаратының негізінде, қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімін жүргізуге;
  - 2) Қоғам өз жұмыскерлерін, өздеріне қатысты инсайдер деп танылған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы хабардар етуге;
  - 3) өздеріне қатысты Қоғам инсайдер деп танылған тұлғаларды, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етуге міндетті.
- 5.8.7 Ереженің 5.8.1-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Қоғам жұмыскерлерінің тізімін, Қағидалардың 5.3-бөлімінде айқындалған тәртіппен КОМП жүргізеді.
- 5.8.8 Хабарлама, Қағидалардың 5.8.1-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлер тізіміне енгізілген немесе көрсетілген тізімнен шығарылған жұмыскерге, тікелей табыс етілгені туралы белгі қойыла отырып тапсырылады немесе хабарламаның бағытын тіркеуді қамтамасыз ететін электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып немесе соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша қағаз жеткізгіште жіберіледі.
- 5.8.9 Қоғамның ҚБ Қоғамға инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін шарттар жасасу кезінде, тиісті шарттар жасасу туралы ЭҚЖ бойынша қызметтік жазбаны жіберу арқылы, КОМП-ны хабардар етуге және Қоғам инсайдер деп танылған тұлғаларға қатысты инсайдерлік

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>                                 | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 14/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да<br/> инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау<br/> қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

ақпаратқа қол жеткізе алатын ҚБ жұмыскерлерінің тізімін, шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге міндетті.

5.8.10 Қоғам жұмыскерлерін инсайдерлер тізімінен шығару, Қоғамды инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама алған жағдайда, не Қоғам оған қатысты инсайдер деп танылған тұлғамен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады, бұл туралы жауапты ҚБ КОМП-ға хабарлауға міндетті.

## 6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 6.1 КОМП осы Қағидалардың талаптарын әзірлеуге, өзектендіруге және сақтауға жауапты болады.
- 6.2 Қағидалардың талаптарын бұзуға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 6.3 КОМП басшысы Қағидалардың талаптарының сақталуын бақылау бөлігінде тиімді ішкі бақылауды ұйымдастыруға және қолдауға жауапты болады.
- 6.4 Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау процесіне қатысатын ҚБ басшылары мен жұмыскерлері осы Қағидаларға сәйкес ішкі бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты болады.
- 6.5 Инсайдерлер болып табылатын ҚБ басшылары мен жұмыскерлері хабарламаға уақтылы қол қоюға жауапты болады.
- 6.6 КОМП инсайдерлер тізімін жасауға және өзекті күйде ұстауға, оларға инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану бөлігінде заңнаманың талаптары туралы, оның ішінде инсайдерлік ақпаратқа иелік етудің құқықтық салдары туралы және инсайдерлік ақпарат пен қағидаларды пайдалану және оларға билік ету жөніндегі заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабарлауға, инсайдерлер қол қойған хабарламалардың түпнұсқаларын сақтауға жауапты болады.
- 6.7 Жауапты ҚБ КОМП-ға ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына және оны ұсыну мерзімдерін сақтауға және оны өзекті күйде ұстауға (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) жауапты болады.
- 6.8 Осы Қағидалар СӘТ жұмыскерімен ДП-0-101 талаптарына сәйкестігіне тексеріледі, СӘТ, ҚҚД, ҚАД басшыларымен келісіледі және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен бекітіледі.


## 7 ТАРАТУ

- 7.1 ҚБ - қоғамның ақпараттық ресурсы (корпоративтік портал)
- 7.2 БЕТ - электронды сканерленген нұсқа.
- 7.3 Корпоративтік хатшы – түпнұсқа.

*Инсайдерлік ақпаратқа  
билік етуді және оны пайдалануды  
ішкі бақылау Қағидаларының  
ФК-ПК-0-123-1 ҚОСЫМШАСЫ*

### Қоғамның инсайдерлік ақпаратының тізбесі

1. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына мынадай ақпарат жатады:
  - 1) осы Тізбенің 2-тармағында көзделген, Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;
  - 2) жыл қорытындысы бойынша Қоғамның Басқарма мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
  - 3) Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
  - 4) пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептері;
  - 6) Қоғамның қаржылық есептілігі;
  - 7) қаржылық есептіліктен басқа, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін есептеу туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер;
  - 8) оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісі;
  - 9) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп;
  - 10) Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы кезіндегі акциялардың құнын айқындау әдістемесі;
  - 11) инсайдерлік ақпаратқа жатқызылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпарат ретінде айқындалатын өзге де ақпарат.
2. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат деген:
  - 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер;
  - 2) Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының құрамын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының құрамындағы өзгерістерді көрсете отырып, Директорлар кеңесін, Қоғам Басқармасын сайлау;
  - 3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгерістер;
  - 4) Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдаған мынадай шешімдері:
    - орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы;
    - Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы, егер Қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының және оларды сатып алу бағасының бір пайызынан асқан болса;
    - облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығарылуы туралы;
    - ірі мәмілелер және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін мәмілелер жасасу туралы: Қоғамның мүдделілігі бар және Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге, құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылса;

|   |   |  |  |              |
|---|---|--|--|--------------|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> |  |  | бет/ішіндегі |
|   |   |  |  | 16/21        |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да<br/> инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау<br/> қағидалары</b> |   |  |  | № ред.       |
|   |   |  |  | 1            |

- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына айырбастау;
- 6) Қоғамның орналастырылған бір түрдегі акцияларын осы Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау;
- 7) акцияларды бөлу;
- 8) Қоғам, әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін, ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
- 9) Қоғамның ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін мәмілелерді жасауы: Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер болып табылады және Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге, құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер.  
Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс;
- 10) Қоғамды мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;
- 11) Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу;
- 12) құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу);
- 13) Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы;
- 14) нәтижесінде баланстық құны, Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлар басталған кезде;
- 15) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалу;
- 16) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);
- 17) Қоғамның қызметтің негізгі түрлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын өзгертуі;
- 18) Қоғамның жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

3. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:


- 1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген, бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 3) шығу көзі белгісіз, тұлғалардың кең ауқымы арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар.

Осы құжаттың тіркерілмей басып шығарылған нұсқасы жарамсыз.

Осы құжатты рұқсатсыз көшіруге, және таратуға болмайды.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ



|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>                                 | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 17/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да<br/> инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау<br/> қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

*Инсайдерлік ақпаратқа  
билік етуді және оны пайдалануды  
ішкі бақылау Қағидаларының  
ФК-ПК-0-123-2 ҚОСЫМШАСЫ*

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
инсайдерлер тізімі**

Заңды тұлғаларға арналған инсайдерлер тізімінің нысаны

*инсайдерлер тізімін жасау / өзгерістер енгізу күні*

| № р / с | Заңды тұлғаның атауы (ЗТ) | Күні мен нөмірі (бар болса) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) ЗТ | ЗТ мекенжайы (орналасқан жері) | Тізімге енгізудің негізі | Тізімге енгізуге негіздің пайдалану күні | Тізімнен шығару күні | Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділік сипаты (тұрақты / уақытша) | Қоғамның инсайдерге хабарлама жолдаған күні | Қоғамның инсайдер қол қойған хабарламаны алған күні | Ескерту |
|---------|---------------------------|--|--------------------------------|--------------------------|--|----------------------|---|---|---|---------|
| 1       | 2                         | 3  | 4                              | 5                        | 6  | 7                    | 8   | 9   | 10  | 11      |
|         |                           |  |                                |                          |  |                      |   |   |   |         |


Жеке тұлғаларға арналған инсайдерлер тізімінің нысаны

*инсайдерлер тізімін жасау / өзгерістер енгізу күні*

| № р / с | Т. А. Ә. | Лауазымы | Туған күні | Тізімге енгізудің негізі | Тізімге енгізуге негіздің пайдалану күні | Тізімнен шығару күні | Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділік сипаты (тұрақты / уақытша) | Қоғамның инсайдерге хабарлама жолдаған күні | Қоғамның инсайдер қол қойған хабарламаны алған күні | Ескерту |
|---------|----------|----------|------------|--------------------------|--|----------------------|---|---|---|---------|
| 1       | 2        | 3        | 4          | 5                        | 6  | 7                    | 8   | 9   | 10  | 11      |
|         |          |          |            |                          |  |                      |   |   |   |         |

КОМП басшысы \_\_\_\_\_

Инсайдерлер тізімін жүргізуге жауапты тұлға \_\_\_\_\_

|   |              |  |  |  |
|---|--------------|--|--|--|
|  <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b>   | бет/ішіндегі |  |  |  |
|   | 18/21        |  |  |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.       |  |  |  |
|   | 1            |  |  |  |

*Инсайдерлік ақпаратқа  
билік етуді және оны пайдалануды  
ішкі бақылау Қағидаларының  
ФК-ПК-0-123-3 ҚОСЫМШАСЫ*

**Жеке тұлғаны  
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
инсайдерлер тізіміне қосу туралы хабарламасы**

Хабарлама жіберілген күн:

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Осы арқылы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі - Қоғам), Сізде Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуіңіздің болуына байланысты, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес Сізді «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бастап Қоғамның инсайдері болып танылатыныңыз туралы және Қоғам құратын инсайдерлер тізіміне енгізілгеніңіз туралы хабарлайды.

Сіз Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану және жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын және Қоғамның [www.nitec.kz](http://www.nitec.kz) интернет – ресурсында және (немесе) қаржылық есептілік депозитарийінің (<https://dfo.kz/>), қор биржасы (Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және табылған жағдайда) интернет-ресурстарында орналастырылған, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын (бұдан әрі- Қағидалар) сақтауға міндеттісіз.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді тоқтатқан кезде Сіз Қоғамның инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, ол туралы жазбаша хабардар боласыз.


Қоғамның инсайдерлік ақпаратын және (немесе) Қағидаларын пайдалану және жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылуыңыз мүмкін.

*Инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы жеке тұлғаның танысқаны туралы белгісі:*

Қоғамның инсайдерлік ақпараты мен Қағидаларын пайдалану және жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен таныстым, жауапкершілік туралы хабардар етілді.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

\_\_\_\_\_  
(күні)

|   |   |  |              |  |
|---|---|--|--------------|--|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> |  | бет/ішіндегі |  |
|   |   |  | 19/21        |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> |   |  | № ред.       |  |
|   |   |  | 1            |  |

*Инсайдерлік ақпаратқа  
билік етуді және оны пайдалануды  
ішкі бақылау Қағидаларының  
ФК-ПК-0-123-4 ҚОСЫМШАСЫ*

**Заңды тұлғаны  
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
инсайдерлер тізіміне қосу туралы хабарламасы**

Хабарлама жіберілген күн:  
" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Осы арқылы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі-Қоғам),

(*ұйымдық-құқықтық нысанды және заңды тұлғаның атауын көрсету*) (бұдан әрі – Ұйым) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуінің болуына байланысты, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бастап Ұйымды Қоғамның инсайдері болып танылатыны туралы және Қоғам құратын инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлайды.

Ұйым Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану және жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын және Қоғамның [www.nitec.kz](http://www.nitec.kz) интернет – ресурсында және (немесе) қаржылық есептілік депозитарийінің (<https://dfo.kz/>), қор биржасы (*Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және табылған жағдайда*) интернет-ресурстарында орналастырылған Қоғамның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын (бұдан әрі-Қағидалар) сақтауға міндетті.

Қоғамның инсайдерлік ақпаратын және (немесе) Қағидаларын пайдалану және жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылуы мүмкін.

Сонымен бірге, заңнамаға сәйкес Ұйым Қоғамға мынадай ақпаратты беру жолымен, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлері туралы Қоғамды хабардар етуге міндетті:


| Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты) | Туған күні | Инсайдерлер тізіміне енгізудің негізі | Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні | Инсайдерлер тізімінен шығару күні |
|--|------------|---------------------------------------|---|-----------------------------------|
|  |            |                                       |   |                                   |

*Ұйымның инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы танысқаны туралы белгісі:*

Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен және Қағидалармен таныстым, жауапкершілік туралы хабардар етілді.

( *Ұйымның уәкілетті тұлғасының лауазымы, ТАӘ (Ұйымның атауы), қолы* )

(күні)

|   |   |  |              |  |
|---|---|--|--------------|--|
|    | <b>"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ</b> |  | бет/ішіндегі |  |
|   |   |  | 20/21        |  |
| <b>КС</b><br><b>ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да</b><br><b>инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау</b><br><b>қағидалары</b> | № ред.                                      |  |              |  |
|   | 1   |  |              |  |
|   |   |  |              |  |

*Инсайдерлік ақпаратқа  
билік етуді және оны пайдалануды  
ішкі бақылау Қағидаларының  
ФК-ПК-0-123-5 ҚОСЫМШАСЫ*

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
инсайдерлер тізімінен шығару туралы  
хабарлама**

*(Қоғамның инсайдері-заңды тұлғаның атауын  
немесе Қоғамның инсайдері-жеке тұлғаның аты-жөнін көрсету)*

Осы арқылы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Сізді «\_\_»  
20\_\_ж. Қоғамның инсайдерлер тізімінен алып тастау туралы хабардар етеді.

Шарттық міндеттемелерді немесе лауазымдық міндеттерді орындау кезеңінде Сіз қол жеткізген инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеу, инсайдер мәртебесін жоғалтқаннан кейін 5 (бес) жыл бойы сақталады.

Құпиялылықты сақтау, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату туралы шектеулер сақталмаған жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін.

Осы хабарламаға қол қою арқылы Сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулерді қабылдағаныңызды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдағаныңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған үшін жауаптылықпен танысқаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюды және қол қойылған осы хабарламаны Қоғамға қайтаруды сұраймыз.

Инсайдерлер тізімінен шығару туралы заңды тұлғаның танысқаны туралы белгі (егер хабарлама заңды тұлғаға жіберілсе толтырылады):

*(заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының лауазымы, ТАӘ (атауы), қолы)*

(күні)

Инсайдерлер тізімінен шығару туралы жеке тұлғаның танысқаны туралы белгі (егер хабарлама жеке тұлғаға жіберілсе толтырылады):

*(инсайдер – жеке тұлғаның, оның ішінде банк жұмыскерінің ТАӘ (әкесінің аты - бар болса) толық жазылсын, қолы)*

(күні)



"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

бет/ішіндегі

21/21

КС

ПК-0-123 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-да  
инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау  
қағидалары

№ ред.

1

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы | Қолы | Күні | Ескерту |
|---|----------|----------|------|------|---------|
| 1 | 2        | 3        | 4    | 5    | 6       |
| 1 |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |
|   |          |          |      |      |         |